HP сенімді платформа модулі	Өнім арқылы өтетін барлық деректерді автоматты түрде шифрлайды Орнату нұсқауларын қамтиды	F5S62A
HP Jetdirect 2900pw баспа сервері	USB сымсыз баспа сервері қосалқы құралы	J8031A
HP Jetdirect 3000w NFC/сымсыз сервері	Мобильді құрылғылардан «сенсорлы» басып шығаруға арналған Wi-Fi Direct қосалқы құралы ЕСКЕРТПЕ: Тек n және dn модельдері қолдайды. Функциялар x моделінде біріктірілген.	J8030A

Тұтынушының өзі жөндейтін бөлшектер

Жөндеу уақытын азайту үшін, көп HP LaserJet өнімдері үшін тұтынушылар өзі жөндейтін (CSR) бөлшектер ұсынылады. CSR бағдарламасы мен артықшылықтары туралы қосымша ақпаратты www.hp.com/go/csr-support және www.hp.com/go/csr-faq сайттарынан алуға болады.

Шынайы HP алмастырғыш бөлшектеріне www.hp.com/buy/parts сайтынан немесе өкілетті HP қызметіне немесе қолдау көрсету провайдеріне хабарласып тапсырыс беруге болады. Тапсырыс берген кезде мыналардың біреуі қажет болады: бөлшек нөмірі, сериялық нөмір (принтердің артында бар), өнім нөмірі немесе өнім атауы.

- **Міндетті** ауыстыру деп көрсетілген бөлшектерді HP мамандарының ақылы қызметін пайдаланбайтын болса, тұтынушылар өздері орнату керек. Бұл бөлшектер үшін HP өнімінің кепілдігі шеңберінде пайдалану орнында немесе қоймаға қайтарып жөндеу қызметі көрсетілмейді.
- **Қосымша** ауыстырылатын деп көрсетілген бөлшектерді тапсырыс бойынша кепілдік мерзімінде қосымша ақысыз HP қызмет көрсету мамандары орнатуы мүмкін.

Нөмірі	Сипаттама	Өзін-өзі алмастыру опциялары	Бөлшек нөмірі
HP термобекіткіш жинағы	Термобекіткішті ауыстыру	Міндетті	B5L35-67901 (110 вольт)
	Орнату нұсқауларын қамтиды		B5L36-67901 (220 вольт)

Нөмірі	Сипаттама	Өзін-өзі алмастыру опциялары	Бөлшек нөмірі
HP термобекіткіш жинағы, қызмет	Алмастырғыш термобекіткіш, техникалық қызмет көрсету жинағы Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	B5L35-67902 (110 вольт) B5L36-67902 (220 вольт)
ITB және T2 білік жинағы, қызмет	Алмастыратын тасымалдау белдігі мен қосымша тасымалдау білігі Орнату нұсқауларын қамтиды	Қосымша	B5L24-67901
Қосымша тасымалдау білігінің жинағы	Алмастыратын қосымша тасымалдау білігі Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	B5L24-67902
2-Х науаның білік жинағы	2-5 науаның алмастырғыш біліктері Орнату нұсқауларын қамтиды	Қосымша	B5L24-67904
1-науаның білік жинағы	1-науаның ауыстыру роликтері Орнату нұсқауларын қамтиды	Қосымша	B5L24-67905
Басқару тақтасының SVGA жинағы	x моделінің алмастырғыш сенсорлы экранның басқару тақтасы Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	B5L24-67903
Қатты күйдегі жад дискісінің жинағы	Алмастыратын тұрақты күй жад драйвері Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	5851-6415
HDD 500 ГБ жинағы ЕСКЕРТПЕ: тек M553 үлгілерінде	Алмастырғыш HP қауіпсіз өнімділігі жоғары қатты дискісі Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	5851-6419
USB сымсыз баспа серверінің жинағы	Алмастырғыш HP Jetdirect 2900nw баспа сервері	Міндетті	5851-6421
NFC қосалқы құрал жинағы	Алмастырғыш HP Jetdirect 3000w NFC/ сымсыз қосалқы құралы	Міндетті	5851-6429
1 ГБ DDR3 DIMM жады ЕСКЕРТПЕ: тек M553 үлгілерінде	Алмастырғыш DIMM жады Орнату нұсқауларын қамтиды	Міндетті	5851-6422
Екі ішкі USB порт жинағы	Алмастырғыш ішкі USB порттары	Міндетті	5851-6424

Тонер картридждерін ауыстыру

Кіріспе

Төмендегі ақпаратта өнімнің тонер картридждері туралы мәліметтер берілген және оларды ауыстыру туралы нұсқаулар қамтылған.

- [Тонер картриджі туралы ақпарат](#)
- [Картриджерді шығару және ауыстыру](#)


Тонер картриджі туралы ақпарат

Бұл өнім тонер картриджі деңгейінің төмендегенін және қатты төмендегенін көрсетеді. Нақты тонер картриджінің қалған жұмыс мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Баспа сапасы төмен болғанда ауыстырылатын баспа картриджін қарастырып қойыңыз.


Өнімнің картридждерін сатып алу немесе картридждің бар-жоғын тексеру үшін, www.hp.com/go/suresupply сайтындағы HP SureSupply қызметіне өтіңіз. Беттің төменгі жағына өтіп, елдің/аймақтың дұрыстығын тексеріңіз.

Өнім төрт түсті пайдаланады және әр түс үшін әр түрлі тонер картриджі болады: сары (Y), ашық қызыл (M), көгілдір (C) және қара (K). Тонер картридждері алдыңғы есіктің ішінде тұр.


Нөмірі	Бөлшек нөмірі
HP 508A Black Original LaserJet тонер картриджі	CF360A
HP 508X High Yield Black Original LaserJet тонер картриджі	CF360X
HP 508A Cyan Original LaserJet тонер картриджі	CF361A
HP 508X High Yield Cyan Original LaserJet тонер картриджі	CF361X
HP 508A Yellow Original LaserJet тонер картриджі	CF362A
HP 508X High Yield Yellow Original LaserJet тонер картриджі	CF362X
HP 508A Magenta Original LaserJet тонер картриджі	CF363A
HP 508X High Yield Magenta Original LaserJet тонер картриджі	CF363X

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өнімділігі жоғары тонер картридждерінде бет өнімділігін арттыру үшін бірнеше стандартты картридж болады. Толық ақпарат алу үшін www.hp.com/go/learnaboutsupplies бетіне өтіңіз.

Тонер картриджін ауыстыратын уақыт келгенге дейін оны қаптамасынан шығармаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Тонер картриджін зақымдап алмау үшін, оны жарықта бірнеше минуттан көп ұстамаңыз. Тонер картриджін өнімнен ұзақ уақытқа алып тастау керек болса, жасыл бейнелеу барабанын жабыңыз.

Келесі суретте тонер картриджінің құрамдас бөліктері көрсетілген.



1 Тұтқа

2 Бейнелеу барабаны

3 Қорғаныш қабат


4 Жад картасы

⚠ ЕСКЕРТУ: егер тонер киімге тиіп кетсе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп, киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.


📄 ЕСКЕРТПЕ: Пайдаланылған тонер картридждерін қайта пайдалану туралы ақпарат тонер картриджінің қорабында беріледі.

Картриджерді шығару және ауыстыру


1. Алдыңғы есікті ашыңыз.




2. Пайдаланылған тонер картриджінің тұтқасынан ұстап, оны алу үшін сыртқа тартыңыз.




3. Пластик таспаны жыртып алып, қаптамасын ашу арқылы жаңа тонер картриджін қорғаныш қабығынан шығарыңыз. Пайдаланылған тонер картриджін қайта пайдалану үшін барлық қаптамасын сақтап қойыңыз.



4. Тонер картриджінің екі жағынан ұстап, 5-6 рет шайқаңыз.




5. Тонер картриджінің қорғаныш қабатын алыңыз.




6. Тонер картриджінің астынан бір қолыңызбен, картриджің тұтқасын екінші қолыңызбен ұстаңыз. Тонер картриджін сөресіндегі слотымен туралап, тонер картриджін өнімге салыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Жасыл бейнелеуіш барабанға тиіспеңіз. Бейнелеуіш барабандағы саусақ іздерінен баспада қателіктер болуы мүмкін.




7. Алдыңғы есікті жабыңыз.



8. Пайдаланылған тонер картриджін, қорғаныш қабатын жаңа картриджбен келген қорапқа салыңыз.

АҚШ және Канадада ақысы төленіп қойған тасымал таспасы қорапта болады. Басқа елдерде/аймақтарда ақысы төленіп қойған таспаны басып шығару үшін www.hp.com/recycle сайтына кіріңіз.

Ақысы төленіп қойған тасымал жапсырмасын қорапқа жабыстырып, пайдаланылған картриджді HP компаниясына қайта өңдеп пайдалану үшін қайтарыңыз.




Тонер жинау құрылғысын ауыстыру


Кіріспе

Төмендегі ақпаратта өнімнің тонер жинау құрылғысы туралы мәліметтер берілген және оны ауыстыру туралы нұсқаулар қамтылған.

Өнім тонер жинау құрылғысының толуға жақын қалғанын және толып тұрғанын көрсетеді. Ол толып тұрғанда, тонер жинау құрылғысы ауыстырылғанша басып шығару тоқтайды.


Тонер жинау құрылғысын (бөлшек нөмірі: B5L37A) сатып алу үшін, www.hp.com/buy/parts сайтындағы HP бөлшектер дүкеніне өтіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тонер жинау құрылғысы бір рет пайдалануға арналған. Тонер жинау құрылғысын босатып, қайта пайдаланушы болмаңыз. Солай істеу салдарынан өнімнің ішіне тонердің төгіліп, нәтижесінде баспа сапасы нашарлауы мүмкін. Пайдаланғаннан кейін тонер жинау құрылғысын HP компаниясының Planet Partners бағдарламасына қайта өңдеу үшін қайтарыңыз.


 **ЕСКЕРТУ:** егер тонер киімге тиіп кетсе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп, киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.

Тонер жинау құрылғысын шығару және ауыстыру


1. Алдыңғы есікті ашыңыз.




2. Тонер жинау құрылғысының есігін өнімнің үстіңгі сол жағынан ашыңыз.




3. Тонер жинау құрылғысын және бекітілген есігін тартып шығарыңыз.




4. Жаңа тонер жинау құрылғысын қаптамасынан шығарыңыз.



5. Жаңа тонер жинау құрылғысы мен бекітілген есігін өнімге салыңыз. Есіктегі құлақшаларды өнімдегі тесіктермен туралаңыз.




6. Тонер жинау құрылғысының есігін жабыңыз.



7. Алдыңғы есікті жабыңыз.

Пайдаланылған тонер жинау құрылғысын қайта өңдеуге тапсыру үшін, жаңа тонер жинау құрылғысындағы нұсқауларды орындаңыз.



4 Басып шығару

- [Басып шығару тапсырмалары \(Windows\)](#)
- [Басып шығару тапсырмалары \(OS X\)](#)
- [Кейінірек басып шығару үшін басып шығару тапсырмаларын өнімде сақтау](#)
- [Мобильді басып шығару](#)
- [USB портынан басып шығару](#)

Қосымша ақпарат алу үшін:

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз.

Өнім бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:


- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу


Басып шығару тапсырмалары (Windows)


Басып шығару әдісі (Windows)

Келесі процедурада Windows үшін негізгі басып шығару процесі сипатталады.


1. Бағдарламалық құралда **Басып шығару** опциясын таңдаңыз.
2. Өнімді принтерлер тізімінен таңдаңыз. Параметрлерді өзгерту мақсатында принтер драйверін ашу үшін **Properties (Сипаттар)** немесе **Preferences (Параметрлер)** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 нұсқасының Бастау экранынан кіру үшін, **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.



3. Қолдануға болатын опцияларды реттеу үшін баспа драйверіндегі қойындыларды басыңыз немесе түртіңіз. Мысалы, қағаз бағдарын **Аяқтау** қойындысында орнатыңыз, ал қағаз көзін, қағаз түрін, қағаз өлшемін және сапа параметрлерін **Қағаз/Сапа** қойындысында орнатыңыз.





4. **Print (Басып шығару)** тілқатысу терезесіне қайту үшін **OK** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз. Осы экранда басып шығаратын көшірмелер санын таңдаңыз.
5. Тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.

Қағаздың екі жағына автоматты түрде басып шығару (Windows жүйесі)

Бұл процедураны автоматты дуплекстегіш орнатылған өнімдерде пайдаланыңыз. Өнімде автоматты дуплекстегіш орнатылмаған болса немесе дуплекстегіш қолдамайтын қағаз түрлеріне басып шығару үшін екі жақта қолмен басып шығаруға болады.

1. Бағдарламалық құралда **Print (Басып шығару)** опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен өнімді таңдаңыз да, басып шығару драйверін таңдау үшін **Properties (Сипаттар)** немесе **Preferences (Параметрлер)** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 нұсқасының Бастау экранынан кіру үшін, **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.


3. **Finishing (Аяқтау)** қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
4. **Print on both side sides (Екі жаққа да басу)** құсбелгісін қойыңыз. **Document Properties (Құжат сипаттары)** тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
5. Тапсырманы басып шығару үшін **Print (Басып шығару)** тілқатысу терезесіндегі **OK** түймешігін басыңыз.

Қағаздың екі жағына қолмен басып шығару (Windows)

Бұл процедураны автоматты дуплекстегіш орнатылмаған өнімдерде немесе дуплекстегіш қолдамайтын қағазға басып шығару үшін пайдаланыңыз.

1. Бағдарламалық құралда **Print (Басып шығару)** опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен өнімді таңдаңыз да, басып шығару драйверін таңдау үшін **Properties (Сипаттар)** немесе **Preferences (Параметрлер)** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 нұсқасының Бастау экранынан кіру үшін, **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.

3. **Finishing (Аяқтау)** қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
4. **Print On Both Sides (manually)** (Екі жаққа да Басу (қолмен)) құсбелгісін қойыңыз. Тапсырманың бірінші жағын басып шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.
5. Шығыс себеттен басылған дестені шығарыңыз және 1-науаға салыңыз.
6. Ұсынылса, басқару тақтасындағы тиісті түймешікті басып жалғастырыңыз.

Бір параққа бірнеше бетті басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралда **Print (Басып шығару)** опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен өнімді таңдаңыз да, басып шығару драйверін таңдау үшін **Properties (Сипаттар)** немесе **Preferences (Параметрлер)** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 нұсқасының Бастау экранынан кіру үшін, **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.

3. **Finishing (Аяқтау)** қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
4. Әр параққа беттер санын **параққа бет** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
5. **Print page borders (Бет жиектерін басып шығару), Page Order (Беттер реті)** және **Orientation (Бағыттау)** үшін дұрыс опцияларды таңдаңыз. **Document Properties (Құжат сипаттары)** тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
6. Тапсырманы басып шығару үшін **Print (Басып шығару)** тілқатысу терезесіндегі **OK** түймешігін басыңыз.

Қағаз түрін таңдау (Windows)

1. Бағдарламалық құралда **Басып шығару** опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен өнімді таңдаңыз да, басып шығару драйверін таңдау үшін **Properties (Сипаттар)** немесе **Preferences (Параметрлер)** түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 нұсқасының Бастау экранынан кіру үшін, **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.

3. **Қағаз/Сапа** қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
4. **Paper type (Қағаз түрі)** ашылмалы тізімінен **More...** (Көбірек...) опциясын таңдаңыз.
5. **Type is: (Түрі:)** опцияларының тізімін жайыңыз.
6. Қағазды ең жақсы сипаттайтын қағаз түрлерінің санатын жайыңыз.
7. Қолданыстағы қағаз түрінің опциясын таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.
8. **Document Properties (Құжат сипаттары)** тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз. Тапсырманы басып шығару үшін **Print (Басып шығару)** тілқатысу терезесіндегі **OK** түймешігін басыңыз.

Егер науаны конфигурациялау керек болса, өнімнің басқару тақтасында науаны конфигурациялау туралы хабар көрсетіледі.

9. Түрі мен өлшемі көрсетілген қағазды науаға салып, оны жабыңыз.

10. Анықталған түр мен өлшемді қабылдау үшін **OK** түймешігін түртіңіз немесе басқа қағаз өлшемін немесе түрін таңдау үшін **Modify** (Өзгерту) түймешігін түртіңіз.
11. Дұрыс түр мен өлшемді таңдаңыз да, **OK** түймешігін түртіңіз.

Қосымша басып шығару тапсырмалары

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз.

Белгілі бір басып шығару тапсырмаларын орындау үшін нұсқаулар қол жетімді, мысалы:

- Басып шығару таңбашаларын немесе алдын ала орнатылған параметрлерін жасау және пайдалану
- Қағаз өлшемін таңдау немесе өзгертілмелі қағаз өлшемін пайдалану
- Парақ бағдарын таңдау
- Буклет жасау
- Құжатты белгілі бір қағаз өлшеміне сыятындай масштабтау
- Құжаттың бірінші немесе соңғы беттерін басқа қағазға басып шығару
- Құжатқа су таңбаларын басып шығару


Басып шығару тапсырмалары (OS X)


Басып шығару жолы (OS X)

Төмендегі процедурада OS X үшін негізгі басып шығару процесі сипатталады.

1. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, содан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Show Details** (Мәліметтерді толық көрсету) түймесін басып, басып шығару параметрлерін реттеу үшін басқа мәзірлерді таңдаңыз.
4. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.


Қағаздың екі жағына автоматты түрде басып шығару (OS X)

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл ақпарат автоматты дуплексері бар өнімдерге қолданылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндік HP принтер драйверін орнатсаңыз ғана қол жетімді. AirPrint мүмкіндігін пайдаланып жатсаңыз ол қол жетімді болмауы мүмкін.

1. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, содан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Show Details** (Мәліметтерді толық көрсету) түймесін басып, **Layout** (Орналасу) мәзірін таңдаңыз.
4. **Two-Sided (Екі жақты)** ашылмалы тізімінен байластыру опциясын таңдаңыз.
5. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Қағаздың екі жағына қолмен басып шығару (OS X)

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндік HP принтер драйверін орнатсаңыз ғана қол жетімді. AirPrint мүмкіндігін пайдаланып жатсаңыз ол қол жетімді болмауы мүмкін.

1. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, содан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Show Details** (Мәліметтерді толық көрсету) түймесін басып, **Manual Duplex** (Қолмен дуплекстау) мәзірін таңдаңыз.
4. **Manual Duplex (Қолмен дуплекстік басып шығару)** жолын, содан кейін байластыру опциясын таңдаңыз.
5. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.
6. Өнімге өтіп, 1-науадағы қандай да бір бос парақтарды алып тастаңыз.
7. Басылып шыққан буманы шығыс себетінен шығарып, басылған жағын төмен қаратып кіріс науасына салыңыз.
8. Ұсынылса, басқару тақтасындағы тиісті түймешікті басып жалғастырыңыз.

Бір параққа бірнеше бетті басып шығару (OS X)

1. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, содан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Show Details** (Мәліметтерді толық көрсету) түймесін басып, **Layout** (Орналасу) мәзірін таңдаңыз.
4. **Pages per Sheet (параққа бет)** ашылмалы тізімінен әр парақта басып шығару керек беттер санын таңдаңыз.
5. **Layout Direction (Орналасу бағыты)** аймағында парақтағы беттер реті мен орнын таңдаңыз.
6. **Borders (Жиектер)** мәзірінен әр парақтың айналасында басылатын жиек түрін таңдаңыз.
7. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Қағаз түрін таңдау (OS X)

1. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, содан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Show Details** (Мәліметтерді толық көрсету) түймесін басып, **Media & Quality** (Мультимедиа мен сапа) мәзірін немесе **Paper/Quality** (Қағаз/сапа) мәзірін таңдаңыз.
4. **Media-type** (Баспа құралының түрі) ашылмалы тізімнен түрді таңдаңыз.
5. **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Қосымша басып шығару тапсырмалары

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз.

Белгілі бір басып шығару тапсырмаларын орындау үшін нұсқаулар қол жетімді, мысалы:

- Басып шығару таңбашаларын немесе алдын ала орнатылған параметрлерін жасау және пайдалану
- Қағаз өлшемін таңдау немесе өзгертілмелі қағаз өлшемін пайдалану
- Парақ бағдарын таңдау
- Буклет жасау
- Құжатты белгілі бір қағаз өлшеміне сыятындай масштабтау
- Құжаттың бірінші немесе соңғы беттерін басқа қағазға басып шығару
- Құжатқа су таңбаларын басып шығару

Кейінірек басып шығару үшін басып шығару тапсырмаларын өнімде сақтау

Кіріспе

Төмендегі ақпаратта өнімге сақталған құжаттарды жасау және басып шығару процедуралары берілген. Бұл мүмкіндік өнімде әдепкі бойынша қосылады.


- [Сақталған тапсырма жасау \(Windows\)](#)
- [Сақталған тапсырманы жасау \(OS X\)](#)
- [Сақталған тапсырманы басып шығару](#)
- [Сақталған тапсырманы жою](#)


Сақталған тапсырма жасау (Windows)

Тапсырмаларды кез келген уақытта басып шығара алатындай етіп өнімге сақтауға болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Баспа драйверіңіздің сырт көрінісі осы құжатта көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін, бірақ қадамдар бірдей.

1. Бағдарламалық құралда **Басып шығару** опциясын таңдаңыз.
2. Өнімді принтерлер тізімінен таңдап алып, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Басымдықтар) (атауы әртүрлі бағдарламаларда әртүрлі болады) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** бұл мүмкіндіктерге Windows 8 немесе 8.1 Start экранынан өту үшін **Devices** (Құрылғылар), **Print** (Басып шығару) тармағын, одан кейін принтерді таңдаңыз.



3. Job Storage (Тапсырманы сақтау) қойындысын басыңыз.



4. Job Storage Mode (Тапсырманы сақтау режимі) опциясын таңдаңыз.

- **Proof and Hold (Растау және ұстау):** тапсырманың бір көшірмесін басып шығарып, тексеріңіз де, қосымша көшірмелерді басып шығарыңыз.
- **Personal Job (Жеке тапсырма):** тапсырма өнімнің басқару тақтасында сұрағанша басып шығарылмайды. Осы тапсырманы сақтау режимі үшін **Make Job Private/Secure** (Тапсырманы жеке/қорғалған ету) опцияларының біреуін таңдауға болады. Егер тапсырмаға жеке идентификациялық нөмір (PIN) тағайындасаңыз, басқару тақтасында қажетті PIN кодын енгізуіңіз керек. Егер тапсырманы шифрласаңыз, басқару тақтасында қажет құпиясөзді енгізу керек.
- **Quick Copy (Жылдам көшірме):** тапсырманың сұралған көшірмелер санын басып шығарып, кейінірек қайта басып шығару үшін тапсырма көшірмесін өнімнің жадына сақтауға болады.
- **Stored Job (Сақталған тапсырма):** тапсырманы өнімде сақтап, басқаларға тапсырманы кез келген уақытта басып шығаруға мүмкіндік беріңіз. Осы тапсырманы сақтау режимі үшін **Make Job Private/Secure** (Тапсырманы жеке/қорғалған ету) опцияларының біреуін таңдауға болады. Егер тапсырмаға жеке идентификациялық нөмір (PIN) тағайындасаңыз, тапсырманы басып шығаратын адам басқару тақтасында қажетті PIN кодын енгізуі керек. Тапсырманы шифрласаңыз, тапсырманы басып шығаратын адам басқару тақтасында қажет құпия сөзді енгізуі керек.

5. Өзгертілмелі пайдаланушы атын немесе тапсырма атын пайдалану үшін, Custom (Өзгертілмелі) түймешігін басып, пайдаланушы атын немесе тапсырма атын енгізіңіз.

Егер басқа сақталған тапсырмада сондай ат болса, қандай опция пайдаланылатынын таңдаңыз:

- **Use Job Name + (1-99)** (Тапсырма атын + (1-99) пайдалану): тапсырма атының соңына бірегей сан қосыңыз.
- **Replace Existing File** (Бар файлды алмастыру): бар сақтаулы тапсырманы жаңасымен алмастырыңыз.

6. Document Properties (Құжат сипаттары) тілқатысу терезесін жабу үшін OK түймешігін түртіңіз. Тапсырманы басып шығару үшін Print (Басып шығару) тілқатысу терезесіндегі OK түймешігін түртіңіз.

Сақталған тапсырманы жасау (OS X)

Тапсырмаларды кез келген уақытта басып шығара алатындай етіп өнімге сақтауға болады.


1. **File (Файл)** мәзірін басыңыз, содан кейін **Print (Басып шығару)** опциясын басыңыз.
2. **Printer (Принтер)** мәзірінен өнімді таңдаңыз.
3. Әдепкіде принтер драйвері **Copies & Pages** (Көшірмелер мен беттер) мәзірін көрсетеді. Мәзірлер ашылмалы тізімін ашып, **Job Storage (Тапсырманы сақтау)** мәзірін нұқыңыз.
4. **Mode (Режим)** ашылмалы тізімінен сақталған тапсырманың түрін таңдаңыз.
 - **Proof and Hold** (Растау және ұстау): тапсырманың бір көшірмесін басып шығарып, тексеріңіз де, қосымша көшірмелерді басып шығарыңыз.
 - **Personal Job** (Жеке тапсырма): тапсырма өнімнің басқару тақтасында сұрағанша басып шығарылмайды. Егер тапсырмаға жеке идентификациялық нөмір (PIN) тағайындасаңыз, басқару тақтасында қажетті PIN кодын енгізуіңіз керек.
 - **Quick Copy** (Жылдам көшірме): тапсырманың сұралған көшірмелер санын басып шығарып, кейінірек қайта басып шығару үшін тапсырма көшірмесін өнімнің жадына сақтауға болады.
 - **Stored Job** (Сақталған тапсырма): тапсырманы өнімде сақтап, басқаларға тапсырманы кез келген уақытта басып шығаруға мүмкіндік беріңіз. Егер тапсырмаға жеке идентификациялық нөмір (PIN) тағайындасаңыз, тапсырманы басып шығаратын адам басқару тақтасында қажетті PIN кодын енгізуі керек.
5. Өзгертілмелі пайдаланушы атын немесе тапсырма атын пайдалану үшін, **Custom** (Өзгертілмелі) түймешігін басып, пайдаланушы атын немесе тапсырма атын енгізіңіз.


Егер басқа сақталған тапсырмада сондай ат болса, қандай опция пайдаланылатынын таңдаңыз.

 - **Use Job Name + (1-99)** (Тапсырма атын + (1-99) пайдалану): тапсырма атының соңына бірегей сан қосыңыз.
 - **Replace Existing File** (Бар файлды алмастыру): бар сақтаулы тапсырманы жаңасымен алмастырыңыз.
6. Егер 3-қадамда **Stored Job (Сақталған тапсырма)** немесе **Personal Job (Жеке тапсырма)** параметрін таңдаған болсаңыз, тапсырманы PIN кодымен қорғауға болады. 4 сандық нөмірді **Use PIN to Print (Басып шығару үшін PIN кодын пайдалану)** өрісіне енгізіңіз. Басқа адамдар осы тапсырманы басып шығарғысы келгенде өнім осы PIN нөмірін енгізуге кеңес береді.
7. Тапсырманы өңдеу үшін **Print (Басып шығару)** түймешігін басыңыз.

Сақталған тапсырманы басып шығару

Өнімнің жадында сақталған тапсырманы басып шығару үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1. Өнімнің басқару тақтасындағы бастапқы  түймешігін түртіңіз.
2. **Retrieve from Device Memory** (Құрылғы жадынан алу) опциясын таңдаңыз.
3. Тапсырма сақталған қалтаның атауын таңдаңыз.

4. Тапсырманың атауын таңдаңыз. Егер тапсырма жеке немесе шифрланған болса, PIN кодын немесе құпия сөзді енгізіңіз.
5. Көшірмелер санын реттеңіз де, тапсырманы басып шығару үшін «Бастау»  түймешігін түртіңіз немесе **OK** түймешігін басыңыз.

Сақталған тапсырманы жою

Сақталған тапсырманы өнімнің жадына жібергенде, өнім сондай пайдаланушы аты және тапсырма атауы көрсетілген бұрынғы кез келген тапсырманы ауыстырады. Егер тапсырма сондай пайдаланушы аты және тапсырма атаумен сақталып қойған болмаса және өнім қосымша орынды қажет етсе, өнім басқа тапсырмалардың бірін ең ескісінен бастап жоюы мүмкін. Сақталатын тапсырмалар санын өнімнің басқару тақтасындағы [General Settings](#) (Жалпы параметрлер) мәзірінен өзгертуге болады.

Өнімнің жадында сақталған тапсырманы жою шығару үшін, келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы бастапқы  түймешігін түртіңіз.
2. [Retrieve from Device Memory](#) (Құрылғы жадынан алу) опциясын таңдаңыз.
3. Тапсырма сақталатын қалтаның атауын таңдаңыз.
4. Тапсырма атауын таңдаңыз да, [Delete](#) (Жою) түймешігін түртіңіз.
5. Егер тапсырма жеке немесе шифрланған болса, PIN кодын немесе құпия сөзді енгізіңіз де, [Delete](#) (Жою) түймесін түртіңіз.

Мобильді басып шығару

Кіріспе

HP компаниясы ноутбуктан, планшеттен, смартфоннан немесе басқа мобильді құрылғыдан HP принтері арқылы сымсыз басып шығаруға мүмкіндік беретін Mobile және ePrint шешімдерін ұсынады. Толық тізімді көру және ең жақсы таңдауды анықтау үшін www.hp.com/go/LaserJetMobilePrinting (тек ағылшын тілінде) сайтына өтіңіз.

- [Wi-Fi Direct және NFC арқылы басып шығару](#)
- [Электрондық пошта арқылы HP ePrint](#)
- [HP ePrint бағдарламалық құралы](#)
- [AirPrint](#)
- [Android ендірілген басып шығаруы](#)

Wi-Fi Direct және NFC арқылы басып шығару

HP компаниясы HP Jetdirect NFC және Wireless Accessory функциясын қолдайтын принтерлер үшін Wi-Fi және NFC (Near Field Communication) арқылы басып шығару мүмкіндігін ұсынады. Бұл қосалқы құралды құрамына аппараттық құралдарға кіріктіру қалтасы (HIP) кіретін HP LaserJet принтерлері үшін опция ретінде қолдануға болады.

Мына құрылғылардан сымсыз басып шығару үшін сымсыз қосалқы құрал қолданыңыз:

- Apple AirPrint немесе HP ePrint қолданбасын пайдаланатын iPhone, iPad немесе iPod touch
- HP ePrint қолданбасын немесе Android ендірілген басып шығару шешімін пайдаланатын Android мобильді құрылғылары
- HP ePrint бағдарламасын пайдаланатын ДК және Mac құрылғылары

HP Wireless басып шығару мүмкіндігі туралы қосымша ақпарат алу үшін, www.hp.com/go/wirelessprinting веб-сайтына өтіңіз.

Электрондық пошта арқылы HP ePrint

HP ePrint құралын құжаттарды кез келген электрондық пошта қызметін қолдайтын құрылғыдан электрондық хабардың қосымшасы ретінде өнімнің электрондық пошта мекенжайына жіберу арқылы басып шығару үшін пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: бұл мүмкіндікті қолдану үшін өнімнің ішкі бағдарламасын жаңарту қажет болуы мүмкін.


HP ePrint функциясын қолдану үшін өнім мына талаптарға сай болуы керек:

- Өнім сымды немесе сымсыз желіге қосылған және Интернетке кіру мүмкіндігі бар болуы керек.
- Өнімдегі HP Web Services қызметі қосылып тұруы керек және өнім HP Connected немесе HP ePrint Center қызметіне тіркелген болуы керек.


HP Web Services қызметін қосу және HP Connected немесе HP ePrint Center арқылы тіркеу үшін, мына процедураны орындаңыз:


1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:

- а. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түртіңіз.

- ә. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасында **Enter** пернесін басыңыз. EWS ашылады.


 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.

2. **HP Web Services** (HP веб-қызметтері) қойындысын басыңыз.

3. Веб-қызметтерді қосу үшін, опцияны таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Веб-қызметтерді қосу бірнеше минут алуы мүмкін.

4. HP ePrint есептік жазбасын жасау және орнату процесін аяқтау үшін, www.hpconnected.com немесе www.hp.com/go/eprintcenter веб-сайтына өтіңіз.

HP ePrint бағдарламалық құралы

HP ePrint бағдарламасы Windows немесе Mac жұмыс үстелі компьютерінен немесе ноутбугынан кез келген HP ePrint қолдайтын өнімде басып шығаруды оңай етеді. Бұл бағдарламалық құрал HP Connected есептік жазбаңызға тіркелген HP ePrint қосылған өнімдерді табуды оңайлатады. Мақсатты HP принтері кеңседе немесе дүние жүзіндегі бір орында орналасуы мүмкін.


- **Windows:** бағдарламалық құралды орнатқаннан кейін, қолданбадан **Print** (Басып шығару) опциясын ашыңыз да, орнатылған принтерлер тізімінен **HP ePrint** тармағын таңдаңыз. Басып шығару параметрлерін реттеу үшін **Properties (Сипаттар)** түймешігін басыңыз.
- **Mac:** бағдарламаны орнатудан кейін **File (Файл), Print (Басып шығару)** тармағын таңдаңыз, одан кейін **PDF** жанындағы көрсеткіні (драйвер экранының төменгі сол жағында) таңдаңыз. **HP ePrint** бағдарламасын таңдаңыз.

Windows үшін HP ePrint бағдарламасы UPD PostScript® қолдайтын өнімдер үшін желідегі (жергілікті желі немесе WAN) жергілікті желілікті принтерлерде TCP/IP басып шығаруды қолдайды.

Windows және Mac жүйелерінің екеуі де ePCL қолдайтын жергілікті желіге немесе WAN желісіне қосылған өнімдерде IPP басып шығаруды қолдайды.

Сондай-ақ, Windows және Mac жүйелерінің екеуі де PDF құжаттарын жалпы басып шығару орындарында және HP ePrint бағдарламасын пайдаланып электрондық пошта арқылы бұлт көмегімен басып шығаруды қолдайды.

Драйверлер мен ақпаратты алу үшін www.hp.com/go/eprintsoftware бетіне өтіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ePrint бағдарламалық құралы — Mac жүйесіне арналған PDF жұмыс үрдісінің қызметтік бағдарламасы және техникалық тұрғыдан принтер драйвері емес.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ePrint бағдарламасын USB басып шығаруды қолдамайды.

AirPrint

Apple AirPrint арқылы iOS 4.2 не одан кейінгі нұсқасы үшін және OS X 10.7 Lion және одан кейінгі нұсқалары іске қосылған Mac компьютерлерінен тікелей басып шығарылады. iPad, iPhone (3GS немесе одан кейінгі) немесе сенсорлы iPod (үшінші буыны немесе одан кейінгі) құрылғысында келесі мобильді қолданбалардан өнімге тікелей басып шығару үшін AirPrint функциясын қолданыңыз:

- Mail (Пошта)
- Фотосуреттер
- Safari
- iBooks
- Таңдаулы үшінші тарап қолданбалары

AirPrint функциясын қолдану үшін өнім Apple құрылғысы сияқты бірдей сымсыз желіге қосылған болуы керек. AirPrint функциясын пайдалану туралы және қай HP өнімдері AirPrint функциясымен үйлесімді екені туралы қосымша ақпарат алу үшін осы өнімді қолдау веб-сайтына өтіңіз:

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553

 **ЕСКЕРТПЕ:** AirPrint функциясы USB қосылымдарын қолдамайды.

Android ендірілген басып шығаруы

Android және Kindle жүйелеріне арналған HP ішкі басып шығару шешімі сымсыз басып шығару үшін мобильді құрылғыларға сымсыз желідегі немесе сымсыз байланыс ауқымындағы HP принтерлерін автоматты түрде тауып, солар арқылы басып шығаруға мүмкіндік береді. Басып шығару шешімі қолдау көрсетілетін операциялық жүйелерге кіреді, сондықтан драйверлерді орнату немесе бағдарламалық құралды жүктеу қажет емес.

Android жүйесіне ендірілген баспаны пайдалану жолы мен қолдау көрсетілетін Android құрылғыларының түрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 мекенжайына өтіңіз.

USB портынан басып шығару

Кіріспе


Бұл өнімде оңай ашылатын USB құрылғысынан басып шығару мүмкіндігі бар, сондықтан файлдарды компьютерден жібермей жылдам басып шығаруға болады. Өнім басқару тақтасының қасындағы USB портына стандартты USB флэш-дискілерін қабылдайды. Ол келесі файл түрлерін қолдайды:

- .pdf
- .prn
- .pcl
- .ps
- .cht

USB портын басып шығару үшін қосу


USB порты әдепкіде өшірулі болады. Мүмкіндікті пайдаланудың алдында USB портын қосыңыз. Портты қосу үшін, мына процедуралардың бірін пайдаланыңыз:

USB портын өнімнің басқару тақтасы мәзірлерінен қосу


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [General Settings \(Жалпы параметрлер\)](#)
 - [USB құрылғысынан шығаруды қосу](#)
3. **Enabled** (Қосылған) опциясын таңдап, **Save** (Сақтау) түймесін түртіңіз немесе **OK** түймесін басыңыз.


USB портын HP ендірілген веб-серверінен қосу (тек желіге қосылған өнімдер)

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түртіңіз.

- а. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>


 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.

2. **Print** (Басып шығару) қойындысын ашыңыз.
3. Экранның сол жақ бөлігіндегі **Retrieve from USB Setup** (USB орнатуынан алу) түймесін басыңыз.
4. **Enable Retrieve from USB** (USB құрылғысынан алуды қосу) ұяшығына белгі қойыңыз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.


USB құжаттарын басып шығару

1. USB флеш-дискісін оңай ашылатын USB портына салыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Порттың қақпағы болуы мүмкін. Кейбір өнімдерде қақпақты қайырып ашуға болады. Басқа өнімдердің қақпағын алып тастау үшін оны тіке тартыңыз.

2. Өнім USB флеш-дискісін анықтайды. Дискіге кіру үшін, **OK** түймесін түртіңіз немесе басыңыз, не болмаса, сұралған жағдайда қолжетімді бағдарламалар тізімінен **Retrieve from USB** (USB құрылғысынан алу) опциясын таңдаңыз. **Retrieve from USB** (USB құрылғысынан алу) экраны ашылады.
3. Басып шығарылатын құжаттың атауын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құжат қалтада болуы мүмкін. Қажетінше қалталарды ашыңыз.

4. Көшірмелер санын дұрыстау үшін, **Copies** (Көшірмелер) опциясын таңдап, көшірмелер санын өзгерту үшін пернетақтаны қолданыңыз.
5. Құжатты басып шығару үшін, **Бастау**  түймесін түртіңіз немесе **OK** түймесін басыңыз.

5 Өнімді басқару

- [HP ендірілген веб-сервері \(EWS\) арқылы қосымша конфигурациялау](#)
- [OS X жүйесіне арналған HP утилитасымен күрделі параметрлерді реттеу](#)
- [IP желі параметрлерін реттеу](#)
- [Өнімнің қауіпсіздік мүмкіндіктері](#)
- [Үнемдеу параметрлері](#)
- [HP Web Jetadmin](#)
- [Бағдарламалық құрал және ішкі бағдарлама жаңартулары](#)

Қосымша ақпарат алу үшін:

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз.

Өнім бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

HP ендірілген веб-сервері (EWS) арқылы қосымша конфигурациялау

Кіріспе

- [HP енгізілген веб-серверіне \(EWS\) кіру](#)
- [HP енгізілген веб-серверінің мүмкіндіктері](#)

Басып шығару функцияларын өнімнің басқару тақтасынан емес, компьютерден басқару үшін HP ендірілген веб-серверді пайдаланыңыз.

- Өнім күйі жөніндегі ақпаратты көру.
- Барлық жабдықтардың қалған қолдану мерзімдерін анықтап, жаңаларына тапсырыс беріңіз
- Науа конфигурацияларын қараңыз және өзгертіңіз
- Өнімнің басқару панелінің мәзір конфигурациясын қараңыз және өзгертіңіз
- Ішкі беттерді көріңіз және басып шығарыңыз
- Өнім мен қамсыздандыру материалдарына байланысты оқиғалар жөнінде ескертпе алыңыз
- Желі конфигурациясын көру және өзгерту

HP ендірілген веб-сервері өнім IP негізделген желіге қосылғанда жұмыс істейді. HP ендірілген веб-сервері IPX негізделген өнім байланыстарын қолдамайды. HP ендірілген веб-серверін ашу және пайдалану үшін интернетке кірудің қажеті жоқ.

Өнім желіге қосылғанда, HP ендірілген веб-сервері автоматты түрде қолжетімді болады.



ЕСКЕРТПЕ: HP ендірілген веб-серверіне желілік брандмауэрдан тыс қол жеткізу мүмкін емес.

HP енгізілген веб-серверіне (EWS) кіру

1. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі түймесін түртіңіз.

2. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасында **Enter** пернесін басыңыз. EWS ашылады.

<https://10.10.XX.XXX/>



ЕСКЕРТПЕ: EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.

HP ендірілген веб-серверін қолдану үшін шолғыш келесі талаптарға сәйкес келуі қажет:

- Windows: Microsoft Internet Explorer 5.01 немесе соңғы шыққаны немесе Netscape 6.2 немесе соңғы шыққаны
- Mac OS X: Bonjour немесе IP мекенжайын қолдану арқылы Safari немесе Firefox бағдарламалық құралын қолдану
- Linux: Тек Netscape Navigator
- HP-UX 10 және HP-UX 11: Netscape Navigator 4.7

HP енгізілген веб-серверінің мүмкіндіктері

- [Information \(Ақпарат\) жиекбелгісі](#)
- [General \(Жалпы\) қойындысы](#)
- [Басып шығару қойындысы](#)
- [Troubleshooting \(Ақаулықтарды жою\) қойындысы](#)
- [Security \(Қауіпсіздік\) қойындысы](#)
- [HP Web Services \(HP веб-қызметтері\) қойындысы](#)
- [Желіге қосылу қойындысы](#)
- [Other Links \(Басқа сілтемелер\) тізімі](#)

Information (Ақпарат) жиекбелгісі

Кесте 5-1 HP ендірілген веб-серверінің Information (Ақпарат) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
Құрылғы күйі	Өнімнің күйін көрсетеді және HP жабдықтарының қалған өлшеулі қызмет ету мерзімін көрсетеді. Оған қоса, бұл бет әр науаға белгіленген қағаз түрі мен өлшемін көрсетеді. Әдепкі параметрлерді өзгерту үшін Change Settings (Параметрлерді өзгерту) сілтемесін басыңыз.
Тапсырма журналы	Өнімде өңделген барлық тапсырмалардың қорытынды жинағын көрсетеді.
Теңшелім беті	Конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.
Жабдықтар күйінің беті	Жабдықтардың өнімге қатысты күйін көрсетеді.
Оқиға журналының беті	Өнімнің барлық оқиғалары мен қателіктерінің тізімін көрсетеді. Мәселелерді шешуге көмектесетін бірқатар динамикалық беттерге қосылу үшін HP Instant Support (HP шұғыл қолдауы) сілтемесін (HP ендірілген веб-серверінің барлық беттеріндегі Other Links (Басқа сілтемелер) аумағында орналасқан) пайдаланыңыз. Сондай-ақ, бұл беттер өнімдер үшін қосымша қызметтерді көрсетеді.
Пайдалану беті	Өнім басып шығарған, өлшеміне, түріне және қағазды басып шығару жолына қарай топтастырылған беттердің саны туралы қорытындыны көрсетеді.
Құрылғы туралы ақпарат	Өнім желісінің атауын, мекенжайын және үлгі жөніндегі ақпаратты көрсетеді. Осы жазбаларды реттеу үшін General (Жалпы) қойындысындағы Device Information (Құрылғы туралы ақпарат) мәзірін басыңыз.
Басқару тақтасының суреті	Басқару тақтасының дисплейінде ағымдағы экранның кескінін көрсетеді.

Кесте 5-1 HP ендірілген веб-серверінің Information (Ақпарат) қойындысы (жалғасы)

Мәзір	Сипаттама
Басып шығару	Басып шығару үшін басып шығаруға дайын файлды компьютерден кері жүктеңіз. Файлды басып шығару үшін өнім әдепкі басу параметрлерін пайдаланады.
Басып шығарылатын есептер мен беттер	Өнімнің ішкі есептері мен беттерінің тізімін береді. Басып шығару немесе көру үшін бір немесе бірнеше элементті таңдаңыз.

General (Жалпы) қойындысы

Кесте 5-2 HP ендірілген веб-серверінің General (Жалпы) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
Дабылдар	Әртүрлі өнім мен жабдықтар оқиғалары үшін электрондық пошта ескертулерін орнатыңыз.
Басқару тақтасы әкімшілігінің мәзірі	Басқару тақтасындағы Administration (Басқару) мәзірінің құрылымын көрсетеді. ЕСКЕРТПЕ: Параметрлерді осы экранда реттеңіз немесе HP ендірілген веб-сервері Administration (Басқару) мәзіріндегі опциялардан гөрі жақсартылған конфигурация опцияларын береді.
Автожіберу	Өнімді өнімнің конфигурациясы мен жабдықтарға қатысты автоматтандырылған электрондық хаттарды белгілі бір электрондық пошта мекенжайларына жіберуге конфигурациялаңыз.
Басқа сілтемелерді өңдеу	Веб-торап қосыңыз немесе қалауыңызша өзгертіңіз. Бұл сілтеме бүкіл HP ендірілген веб-сервер беттерінің Other Links (Басқа сілтемелер) аумағында көрсетіледі.
Тапсырыс беру туралы ақпарат	Жаңа тонер картриджеріне тапсырыс беру туралы ақпаратты енгізіңіз. Бұл ақпарат жабдықтардың күйі бетінде көрсетіледі.
Құрылғы туралы ақпарат	Өнімді атап, оған растау нөмірін белгілеңіз. Өнім туралы ақпаратты алатын басты контактінің есімін енгізіңіз.
Тіл	HP енгізілген веб-серверінің ақпараты шығарылатын тілді белгілеңіз.
Date and Time (Күн және уақыт)	Күн мен уақыт ақпаратын енгізіңіз немесе желі уақытының серверімен қадамдастырыңыз.
Қуат параметрлері	Өнімнің ояну уақыты, күту режимі және күту кідірісін орнатып немесе өзгертіңіз. Аптаның әр күніне немесе мереке күндеріне әр түрлі жоспар белгілеңіз. Ұйқы режимінен оятуға себеп болатын өнімнің өзара әрекеттесулерін белгілеңіз.
Сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру	Өнім және пайдаланушы деректері файлының сақтық көшірмесін жасаңыз. Қажет болса, өнімнің деректерін қалпына келтіру үшін осы файлды пайдаланыңыз.
Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	Өнімнің параметрлерін зауыттық әдепкі мәндеріне қайтару.
Шешім орнатқыш	Өнімнің қызмет мүмкіндігін кеңейтетін үшінші тараптық бағдарлама құралдарын орнатыңыз.
Микробағдарламаны жаңарту (Обновление микропрограммы)	Өнімнің кірістірілген бағдарламалық құралын жаңарту файлдарын жүктеп алып, оларды орнатыңыз.
Статистикалық қызметтер	Үшінші тараптың тапсырма бойынша статистикалық мәліметтер қызметтерінің байланыс ақпаратын береді.

Басып шығару қойындысы

Кесте 5-3 HP ендірілген веб-серверінің Print (Басып шығару) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
USB орнатуынан табу	Басқару тақтасындағы Retrieve from USB (USB ішінен шығару) мәзірін қосыңыз немесе өшіріңіз.
Сақталған тапсырмаларды басқару	Тапсырмаларды өнімнің жадына сақтау мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз. Тапсырма сақтау параметрлерін реттеңіз.
Қағаз түрлерін реттеу	Арнайы қағаз түрін пайдаланған кезде баспа сапасында қиындықтар туындаса, зауыттық әдепкі режим параметрлерінен бас тартыңыз.
Түсті шектеу (Түсті өнімдер ғана)	Түсті басып шығаруға рұқсат беріңіз немесе тыйым салыңыз. Жеке пайдаланушыларға немесе арнайы бағдарламалардан жіберілген тапсырмаларға рұқсатты анықтаңыз.
Жалпы басып шығару параметрлері	Барлық баспа тапсырмаларының параметрлерін реттеңіз.
Науаларды басқару	Қағаз науалары үшін параметрлерді конфигурациялаңыз.

Troubleshooting (Ақаулықтарды жою) қойындысы

Кесте 5-4 HP ендірілген веб-серверінің Troubleshooting (Ақаулықтарды жою) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
Жалпы ақаулықтарды жою (Устранение общих неисправностей)	Өнімде пайда болған мәселелерді шешуге көмектесетін түрлі есептерді және сынақтарды басып шығарыңыз.
Онлайн анықтама	Өнімнің шешім беттеріне арналған QR кодтары мен веб-сілтемелерін алыңыз.
Диагностикалық деректер ЕСКЕРТПЕ: Әкімші құпия сөзі Security (Қауіпсіздік) қойындысынан орнатылған болса ғана, бұл элементті қолдануға болады.	Өнім туралы ақпаратты мәселені егжей-тегжейлі талдау үшін пайдалануға болатын файлға экспорттаңыз.
Мөлшерлеу/тазалау (Түсті өнімдер ғана)	Автоматты тазалау мүмкіндігін қосыңыз, тазалау бетін жасаңыз және басып шығарыңыз, сөйтіп өнімді дереу калибрлеу опциясын таңдаңыз.
Микробағдарламаны жаңарту (Обновление микропрограммы)	Өнімнің кірістірілген бағдарламалық құралын жаңарту файлдарын жүктеп алып, оларды орнатыңыз.
Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	Өнімнің параметрлерін зауыттық әдепкі мәндеріне қайтару.

Security (Қауіпсіздік) қойындысы

Кесте 5-5 HP ендірілген веб-серверінің Security (Қауіпсіздік) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
Жалпы қауіпсіздік	Жалпы қауіпсіздікке, оның ішінде төмендегілерге арналған параметрлер: <ul style="list-style-type: none">Әкімші құпия сөзін өнімнің кейбір мүмкіндіктеріне кіруді шектейтін етіп реттеу.PJL пәрмендерін өзгерту үшін PJL құпия сөзін орнатыңыз.Файлдық жүйеге қол жеткізу және аппараттық бағдарламалық құралдарды жаңарту қауіпсіздігін орнатыңыз.Тікелей компьютерден басып шығару үшін, басқару тақтасындағы хост USB портын немесе форматтердегі USB байланыс портын қосыңыз немесе өшіріңіз.Бүкіл қауіпсіздік параметрлерінің күйін көріңіз.
Кіру мүмкіндігін басқару	Арнайы адамдар немесе топтар үшін өнім функцияларына кіруде реттеу және өнімге кіру үшін адамдар пайдаланатын әдісті таңдау.
Сақталған деректерді қорғау	Өнімнің ішкі қатты диск параметрлерін реттеп, басқарыңыз. Өнімнің қатты дискісінде сақталған тапсырмалардың параметрлерін реттеңіз.
Куәлікті басқару	Өнімге және желіге кіру мүмкіндігін беретін қауіпсіздік куәліктерін орнатыңыз және реттеңіз.
Веб-қызмет қауіпсіздігі	Бұл өнімдегі ресурстарға әр түрлі домендердегі веб-беттер арқылы кіруге мүмкіндік беру. Егер тізімге сайттар қосылмаса, онда барлық сайттар сенімді.
Өзіндік тексеру (Самодиагностика)	Қауіпсіздік функциялары күтілген жүйелік параметрлерге сай орындалып жатқанын тексеріңіз.

HP Web Services (HP веб-қызметтері) қойындысы

Осы өнімнің HP веб-қызметтерінің параметрлерін реттеу және қосу үшін **HP Web Services** (HP веб-қызметтері) қойындысын пайдаланыңыз. HP ePrint мүмкіндігін пайдалану үшін HP веб-қызметтерін қосу керек.

Кесте 5-6 HP енгізілген веб-серверінің HP Web Services (HP веб-қызметтері) жиекбелгісі

Мәзір	Сипаттама
Веб-қызметтер параметрлері	Бұл өнімді HP Web Services қызметтерін қосу арқылы Интернеттегі HP Connected қызметіне қосыңыз.
Веб-прокси	HP Web Services (HP веб-қызметтері) қосу немесе өнімді интернетке қосу кезінде қиындық туындаса, прокси-серверді реттеңіз.
HP-ePrint ақауларын жөндеу	HP ePrint қызметтеріне қосылуға қатысты проблемаларды шешуге арналған мүмкіндіктерді қосыңыз.

Желіге қосылу қойындысы

Өнім IP желісіне қосылғанда, оның желі параметрлерін реттеу және қауіпсіз ету үшін **Networking** (Желіге қосылу) қойындысын пайдаланыңыз. Бұл қойынды өнім басқа желі түрлеріне қосылғанда көрсетілмейді.

Кесте 5-7 HP ендірілген веб-серверінің Networking (Желіге қосылу) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
TCP/IP параметрлері	IPv4 және IPv6 желілері үшін TCP/IP параметрлерін реттеңіз. ЕСКЕРТПЕ: Қол жетімді конфигурация опциялары баспа серверінің моделіне байланысты болады.
Желі параметрлері	Баспа серверінің моделіне байланысты IPX/SPX, AppleTalk, DLC/LLC және SNMP параметрлерін реттеу.
Басқа параметрлер	Баспа серверінде қолданылатын жалпы басып шығару протоколдары мен қызметтерін реттеңіз. Қол жетімді параметрлер баспа серверінің моделіне байланысты, бірақ аппараттық құрал жаңартуын, LPD кезектерін, USB параметрлерін, қолдау көрсету туралы ақпаратты және жаңарту мөлшерін қамтуы мүмкін.
AirPrint	Apple қолданылатын өнімдерден желіде басып шығару параметрін қосыңыз, реттеңіз немесе өшіріңіз.
Тіл таңдау	HP ендірілген веб-серверінде көрсетілетін тілді өзгертіңіз. Веб-беттер бірнеше тілге қолдау көрсетсе, осы бет шығады. Таңдаулы түрде шолғышта тіл параметрлері арқылы қолдау көрсетілетін тілдерді таңдаңыз.
Settings (Параметрлер)	Ағымдағы қауіпсіздік параметрлерін көру және зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру. Қауіпсіздік конфигурациясы шебері арқылы қауіпсіздік параметрлерін реттеңіз. ЕСКЕРТПЕ: HP Web Jetadmin сияқты желі басқару қолданбалары арқылы қауіпсіздік параметрлерін реттеу үшін қауіпсіздік конфигурациясы шеберін пайдаланбаңыз.
Авторизация	Конфигурацияны және осы өнімді пайдалануды, оның ішінде төмендегілерді басқарыңыз: <ul style="list-style-type: none">• Конфигурация параметрлеріне кіруді басқару үшін әкімші құпия сөзін орнату және өзгерту.• HP Jetdirect баспа серверінде сандық куәліктерді сұрау, орнату және басқару.• Кіруді басқару тізімі (ACL) (тек IPv4 желілеріндегі таңдалған баспа серверлері үшін) арқылы осы өнімге басты болып кіруді шектеңіз.
Басқ. протоколдары	Осы өнімге арналған қауіпсіздік параметрлері, оның ішінде төмендегілерді реттеп басқарыңыз: <ul style="list-style-type: none">• HP ендірілген веб-серверіне арналған қауіпсіздік басқару деңгейін орнатыңыз және HTTP және HTTPS арқылы трафикті басқарыңыз.• SNMP (қарапайым желі басқару протоколы) әрекетін реттеңіз. Баспа серверіндегі SNMP v1/v2c немесе SNMP v3 агенттерін қосыңыз не өшіріңіз.• Басып шығару протоколдары, баспа қызметтері, анықтау протоколдары, атау ажыратымдылығының қызметтері және конфигурация басқару протоколдары сияқты қауіпсіз болмауы мүмкін протоколдар арқылы кіруді басқару.
802.1X аутентификациясы (Таңдалған HP Jetdirect үлгілерінде ғана)	Jetdirect баспа серверінде 802.1X аутентификациясының параметрлерін желідегі клиент аутентификациясына қажет еткендей реттеңіз және 802.1X аутентификациясы параметрлерінің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіріңіз. ЕСКЕРТУ: 802.1X аутентификациясының параметрлерін өзгерткенде, өнім байланысын жоғалтуы мүмкін. Қайта қосылу үшін баспа серверінің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіріп, өнімді қайта қосу қажет болуы мүмкін.

Кесте 5-7 HP ендірілген веб-серверінің Networking (Желіге қосылу) қойындысы (жалғасы)

Мәзір	Сипаттама
IPsec/Firewall (Таңдалған HP Jetdirect үлгілерінде ғана)	Брандмауэр саясатын немесе IPsec/Брандмауэр саясатын көріңіз немесе конфигурациялаңыз.
Хабарлау агенті (Таңдалған HP Jetdirect үлгілерінде ғана)	HP құрылғысының хабарлау агентін қосыңыз не өшіріңіз, конфигурациялық серверді орнатыңыз және куәліктер арқылы өзара аутентификацияны реттеңіз.
Желі статистикасы	HP Jetdirect баспа серверіне жиналған және сақталған желі статистикасын көрсетіңіз.
Протокол ақпараты	HP Jetdirect баспа серверінен әр протокол үшін желі конфигурациясы параметрлерінің тізімін қараңыз.
Теңшелім беті	Күй мен конфигурация туралы ақпаратты қамтитын HP Jetdirect конфигурациялық бетін қараңыз.

Other Links (Басқа сілтемелер) тізімі



ЕСКЕРТПЕ: **General** (Жалпы) қойындысындағы **Edit Other Links** (Басқа сілтемелерді өңдеу) мәзірі арқылы **Other Links** (Басқа сілтемелер) тізімінде көрсетілетін сілтемелерді реттеңіз. Төмендегілер — әдепкі сілтемелер.

Кесте 5-8 HP ендірілген веб-серверінің Other Links (Басқа сілтемелер) тізімі

Мәзір	Сипаттама
Өнімді қолдау	Әр түрлі тақырыптар туралы анықтама іздеу үшін өнімнің қолдау көрсету сайтына қосылыңыз.
Жабдықтар дүкені	Тонер картриджері мен қағаз сияқты түпнұсқа HP жабдықтарын сатып алу туралы ақпарат алу үшін HP SureSupply веб-сайтына қосылыңыз.
HP шұғыл қолдау қызметі	Өнімнің ақаулықтарына шешім табу үшін HP веб-сайтына қосылыңыз.

OS X жүйесіне арналған HP утилитасымен күрделі параметрлерді реттеу

Өнім күйін тексеру немесе компьютерден өнімнің параметрлерін көру немесе өзгерту үшін, HP утилитасын пайдаланыңыз.

HP утилитасын өнім USB кабелімен жалғанғанда немесе TCP/IP негізіндегі желіге қосылғанда пайдаланыңыз.

HP утилитасын ашыңыз

1. Компьютерде **System Preferences** (Жүйе теңшелімдері) мәзірін ашып, **Print & Fax** (Басып шығару және факс), **Print & Scan** (Басып шығару және сканерлеу) немесе **Printers & Scanners** (Принтерлер және сканерлер) тармағын басыңыз.
2. Өнімді тізімнен таңдаңыз.
3. **Options & Supplies (Опциялар мен жабдықтар)** түймешігін басыңыз.
4. **Utility (Утилит)** қойындысын басыңыз.
5. **Open Printer Utility (Принтер утилитасын ашу)** түймешігін басыңыз.

HP утилитасының функциялары

HP утилитасының құралдар тақтасында мыналар бар:

- **Құрылғылар:** HP утилитасы тапқан Mac өнімдерін көрсету немесе жасыру үшін осы түймені басыңыз.
- **Барлық параметрлер:** HP утилитасының негізгі көрінісіне оралу үшін осы түймені басыңыз.
- **HP қолдауы:** шолғышты ашу және HP қолдау веб-торабына өту үшін осы түймені басыңыз.
- **Жабдықтар:** HP SureSupply веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Тіркеу:** HP тіркеу веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Өңдеу:** HP Planet Partners өңдеу бағдарламасының веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.

HP утилитасы **All Settings** (Барлық параметрлер) тізімінен таңдау арқылы ашылатын беттерден тұрады. Төмендегі кестеде HP утилитасымен қолдануға болатын тапсырмалар сипатталады.

Нөмірі	Сипаттама
Жабдықтар күйі	Өнім жабдықтарының күйін көрсетіп, жабдықтарға желіде тапсырыс беру сілтемелерін қамтамасыз етеді.
Құрылғы туралы ақпарат	Ағымдағы таңдалған өнім туралы ақпаратты көрсетеді.
Файлды жүктеу	Файлдарды компьютерден өнімге жібереді.
Қаріптерді жүктеу	Қаріп файлдарын компьютерден өнімге жібереді.
HP Connected	HP Connected веб-торабына кіреді.

Нөмірі	Сипаттама
Енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту	Өнімге микробағдарламаны жаңарту файлын жібереді. ЕСКЕРТПЕ: Бұл параметр тек View (Көрініс) мәзірін ашып, Show Advanced Options (Кеңейтілген параметрлерді көрсету) элементін таңдағаннан кейін қол жетімді болады.
Пәрмендер	Баспа тапсырмасынан кейін өнімге арнайы таңбаларды немесе баспа пәрмендерін жібереді. ЕСКЕРТПЕ: Бұл параметр тек View (Көрініс) мәзірін ашып, Show Advanced Options (Кеңейтілген параметрлерді көрсету) элементін таңдағаннан кейін қол жетімді болады.
Жабдықтарды басқару	Жабдықтардың жобаланған қызмет мерзімі аяқталуға жақындаған кездегі өнімнің әрекет ету параметрлерін реттейді.
Науалардың Конфигурациясы	Әдепкі науа параметрлерін өзгертеді.
Шығару құрылғылары	Қосымша шығару керек-жарақтарының параметрлерін басқарады.
Дуплекстеу режимі	Автоматты екі жақты баспа режимін қосады.
Үнемдеу режимі және тонердің тығыздығы	Тонерді үнемдеу үшін параметрлерді реттейді.
Электрондық пошта ескертулері	Жабдықтарды ауыстыру қажет, науалар бос, есіктер ашық болуы немесе қағаз кептелуі сияқты өнімнің белгілі бір жағдайлары үшін электрондық пошта арқылы автоматты хабарландыруларды жіберу параметрлерін реттейді.
Ажыратымдылық	Әдепкі басып шығару ажыратымдылығын орнатады.
Тікелей порттарды қорғау	USB немесе параллель порттар арқылы басып шығаруды ажыратады.
Сақталған тапсырмалар	Өнімнің қатты дискісіне сақталған баспа тапсырмаларын реттейді.
Желі параметрлері	IPv4 және IPv6 параметрлері сияқты желі параметрлерін реттейді.
Қосымша параметрлер	HP енгізілген веб-серверіне кіруге мүмкіндік береді.

IP желі параметрлерін реттеу


- [Принтер ортақтасқан дисклеймері](#)
- [Желі параметрлерін көру немесе өзгерту](#)
- [Желідегі өнімнің атауын өзгерту](#)
- [IPv4 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз](#)
- [IPv6 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз](#)
- [Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері](#)


Принтер ортақтасқан дисклеймері


HP бір рангтік желіні қолдамайды, өйткені мүмкіндік Microsoft операциялық жүйелердің функциясы және HP принтер драйвері емес. www.microsoft.com Microsoft торабына кіріңіз.

Желі параметрлерін көру немесе өзгерту

IP мекенжайын конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін HP ішкі веб-серверін пайдаланыңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.
Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түрткіңіз.
 - a. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасында **Enter** пернесін басыңыз. EWS ашылады.

 <https://10.10.XX.XX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.


2. Желі туралы ақпарат алу үшін, **Networking** (Желіге қосылу) қойындысын басыңыз. Параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.

Желідегі өнімнің атауын өзгерту


Ерекше белгілеу мақсатында желідегі өнімнің атауын өзгерту үшін, HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.


1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:

- a. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түртіңіз.


- ә. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасында **Enter** пернесін басыңыз. EWS ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.


2. **General** (Жалпы) қойындысын басыңыз.
3. **Device Information (Құрылғы туралы ақпарат)** бетінде әдепкі өнім атауы **Device Name (Құрылғы атауы)** өрісінде болады. Осы атты өзгертіп осы өнімді бірегей түрде анықтауға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы беттегі басқа жолдарды толтыру міндетті емес.

4. Өзгерістерді сақтау үшін **Apply (Қолдану)** түймесігін түртіңіз.

IPv4 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз

IPv4 мекенжайын, қосалқы желі маскасын және стандартты шлюзді қолмен орнату үшін басқару тақтасындағы **Administration** (Басқару) мәзірлерін пайдаланыңыз.


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [Желі параметрлері](#)
 - [Jetdirect мәзірі](#)
 - [TCP/IP](#)
 - [IPV 4 параметрлері](#)
 - [Конфигурация әдісі](#)
3. **Manual** (Қолмен) опциясын таңдап, **Save** (Сақтау) түймесін түртіңіз.
4. **Manual Settings** (Қолмен енгізілетін параметрлер) мәзірін ашыңыз.

5. [IP Address](#) (IP мекенжайы), [Subnet Mask](#) (Қосалқы желі маскасы) немесе [Default Gateway](#) (Стандартты шлюз) опциясын түртіңіз.
6. Сандық пернетақтаны ашу үшін бірінші өрісті түртіңіз. Өріс үшін дұрыс сандарды енгізіңіз де, **OK** түймесін түртіңіз.

Әр өріс үшін процесті қайталаңыз да, [Save](#) (Сақтау) түймесін түртіңіз.

IPv6 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз


IPv6 мекенжайын қолмен орнату үшін басқару тақтасындағы [Administration](#) (Басқару) мәзірлерін пайдаланыңыз.


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
 2. Қолмен конфигурациялауды қосу үшін келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [Желі параметрлері](#)
 - [Jetdirect мәзірі](#)
 - [TCP/IP](#)
 - [IPv6 параметрлері](#)
 - [Мекенжай](#)
 - [Қолмен енгізілетін параметрлер](#)
 - [Қосу](#)
- [On](#) (Қосу) опциясын таңдап, [Save](#) (Сақтау) түймесін түртіңіз.
3. Мекенжайды конфигурациялау үшін [Address](#) (Мекенжай) түймесін түртіңіз де, пернетақтаны ашу үшін өрісті түртіңіз.
 4. Пернетақтаны пайдаланып мекенжайды енгізіңіз де, **OK** түймесін түртіңіз.
 5. [Save](#) (Сақтау) түймесін түртіңіз немесе **OK** түймесін басыңыз.


Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл ақпарат тек Ethernet желілеріне ғана қатысты. Оның сымсыз желілерге қатысы жоқ.

Баспа серверінің сілтеме жылдамдығы мен байланыс режимі желі хабына сәйкес болуы тиіс. Көп жағдайларда өнімді автоматты күйде қалдырыңыз. Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлерін дұрыс өзгертпеу өнімнің басқа желілік құрылғылармен байланысына кедергі жасауы мүмкін. Өзгерістер енгізу үшін өнімнің басқару тақтасын пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өнімнің параметрі желілік құрылғының (желілік хаб, қосқыш, шлюз, роутер немесе компьютер) параметріне сәйкес келуі керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы параметрлерге өзгерістер енгізу өнімнің өшіп, қайта қосылуына әкеледі. Өзгерістерді өнім бос тұрғанда ғана енгізіңіз.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [Желі параметрлері](#)
 - [Jetdirect мәзірі](#)
 - [Байланыс жылдамдығы](#)
3. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:
 - [Auto](#) (Авто): баспа сервері өзін автоматты түрде желіде рұқсат етілген ең жоғарғы сілтеме жылдамдығы және байланыс режиміне орнатып реттейді.
 - [10T Half \(10T жарты\)](#): 1 секундта 10 мегабайт (МБ/сек), жартылай дуплексті жұмыс
 - [10T Full \(10T толық\)](#): 10 Мб/сек, толық дуплексті жұмыс.
 - [10T Auto \(10T авто\)](#): 10 Мб/сек, автоматты дуплексті жұмыс
 - [100TX Half \(100TX жарты\)](#): 100 Мб/сек, жартылай дуплексті жұмыс.
 - [100TX Full \(100TX толық\)](#): 100 Мб/сек, толық дуплексті жұмыс.
 - [100TX Auto \(100TX авто\)](#): 100 Мб/сек, автоматты дуплексті жұмыс
 - [1000T Full \(1000T толық\)](#): 1000 Мбит/сек, толық дуплексті жұмыс.
4. [Save](#) (Сақтау) түймесін түртіңіз немесе [OK](#) түймесін басыңыз. Өнім өшіріліп, қайта қосылады.

Өнімнің қауіпсіздік мүмкіндіктері

Кіріспе

Өнімде конфигурация параметрлеріне кіруге құқылы пайдаланушыларды шектейтін, деректерді қорғайтын және маңызды аппараттық құралдар компоненттеріне қол жеткізудің алдын алатын бірнеше қауіпсіздік мүмкіндігі бар.

- [Қауіпсіздік мәлімделері](#)
- [IP қауіпсіздігі](#)
- [Ендірілген веб-сервер арқылы жүйенің құпия сөзін тағайындау немесе өзгерту](#)
- [Өнімге кіру](#)
- [Шифрлау қолдауы: HP өнімділігі жоғары қауіпсіз қатты дискілері](#)
- [Пішімдеушіні құрсаулау](#)

Қауіпсіздік мәлімделері

Өніміңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, желіңіздегі аса маңызды ақпаратты қорғауға және өнімді бақылау мен оған қызмет көрсету тәсілін жеңілдетуге көмектесетін қауіпсіздік стандарттар және ұсынылған протоколдар қолданылады.

HP's қауіпсіздік кескін өңдеу және басып шығару шешімдері жөнінде толық ақпарат алу үшін www.hp.com/go/secureprinting торабына барыңыз. Бұл торап қауіпсіздік мүмкіндіктері жөніндегі ақ беттерге және жиі қойылатын сұрақтар құжаттарына сілтемелерді береді.

IP қауіпсіздігі

IP қауіпсіздігі (IPsec) өнімнен шығатын және өнімге келетін IP негізделген желілік трафикті бақылайтын протоколдар жиынтығы болып табылады. IPsec хостқа-хост танылуын, деректердің тұтастығын және желілік байланыстардың шифрлеуін қамтамасыз етеді.


Желіге қосылған және HP Jetdirect басып шығару сервері бар өнімдерде IPsec параметрлерін HP ендірілген веб-серверінің **Networking** (Желіге қосылу) қойындысын пайдаланып реттеуге болады.

Ендірілген веб-сервер арқылы жүйенің құпия сөзін тағайындау немесе өзгерту

Рұқсаты жоқ пайдаланушылар өнім параметрлерін өзгерте алмауы үшін, өнімге және HP ендірілген веб-серверіне өтуге арналған әкімші құпия сөзін тағайындаңыз.


1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:

- 4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.

Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түртіңіз.


- ә. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасында **Enter** пернесін басыңыз. EWS ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.

2. **Security** (Қауіпсіздік) қойындысын басыңыз.
3. **General Security** (Жалпы қауіпсіздік) мәзірін ашыңыз.
4. **Set the Local Administrator Password** (Жергілікті әкімші құпия сөзін орнату) деп белгіленген аймақтағы **Username** (Пайдаланушы аты) жолына құпия сөзбен байланысты атты енгізіңіз.
5. Құпия сөзді **New Password** (Жаңа құпия сөз) жолына енгізіп, **Verify Password** (Құпия сөзді растау) жолына қайта енгізіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұрыннан бар құпия сөзді өзгерту үшін, алдымен бұрыннан бар құпия сөзді **Old Password** (Ескі құпия сөз) жолына енгізіңіз.


6. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Кілтсөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Өнімге кіру

Өнімнің басқару тақтасындағы кейбір мүмкіндіктерді қорғауға болады, сонда рұқсат етілмеген адамдар оларды пайдалана алмайды. Мүмкіндік қорғалған кезде, оны пайдалана алуыңыз алдында өнім кіруді ұсынады. Өнімнің басқару тақтасындағы **Sign In** (Кіру) түймесін басу арқылы шақыруды күтпестен кіруге болады.

Әдетте өнімге кіретін тіркелгі деректері желіге кіретінмен бірдей болады. Егер қай тіркелгі деректерін пайдалану керектігі туралы сұрақтарыңыз болса, осы өнімнің желілік әкімшісіне хабарласыңыз.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. **Sign In** (Кіру) опциясын таңдаңыз.
3. Тіркелгі деректерін енгізу үшін, нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өнімнің қауіпсіздігін сақтау үшін, өнімді пайдалануды аяқтағанда **Sign In** (Кіру) опциясын таңдаңыз.

Шифрлау қолдауы: HP өнімділігі жоғары қауіпсіз қатты дискілері

Бұл қатты диск аппараттық құралға негізделген шифрлаумен қамтамасыз етеді, сондықтан құпия деректерді өнімнің жұмыс тиімділігіне ықпал етпей, қауіпсіз етіп сақтауға болады. Бұл қатты диск

соңғы Қосымша шифрлау стандартын (AES) пайдаланады және көп жақты уақыт үнемдеу мүмкіндігі мен мықты функцияларды қамтиды.

Дискінің параметрлерін реттеу үшін, HP ендірілген веб-серверінің **Security** (Қауіпсіздік) мәзірін пайдаланыңыз.

Пішімдеушіні құрсаулау

Пішімдеу құралында қауіпсіздік кабелін тағу үшін пайдалануға болатын ұяшық бар. Пішімдеу құралын құлыптау ішінен маңызды компоненттерінің шығарылуының алдын алады.


Үнемдеу параметрлері

Кіріспе

- [Жылдамдықты немесе қуаттың тұтынылуын оңтайландыру](#)
- [Ұйқы таймерін орнатып, өнімді 1 Ватт немесе одан аз қуат пайдаланатын етіп реттеңіз](#)

Жылдамдықты немесе қуаттың тұтынылуын оңтайландыру

Әдепкі бойынша, жылдамдықты оңтайландыру және тапсырмалардың бірінші бетін тезірек басып шығару үшін өнім тапсырмалардың арасында жылы болады. Қуатты үнемдеу үшін өнімді тапсырмалар арасында суытып алатын етіп орнатыңыз. Өнімде жылдамдық пен қуатты пайдалануды оңтайландыратын төрт қадамдық параметр бар.


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [General Settings \(Жалпы параметрлер\)](#)
 - [Қуат параметрлері](#)
 - [Оңтайлы жылдамдық/қуатты пайдалану](#)
3. Пайдаланылатын опцияны таңдаңыз, содан кейін [Save \(Сақтау\)](#) түймесін түрткіңіз немесе [OK](#) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Әдепкі параметр — [Faster first page](#) (Бірінші бет жылдамырақ).

Ұйқы таймерін орнатып, өнімді 1 Ватт немесе одан аз қуат пайдаланатын етіп реттеңіз

Өнімде қуат үнемдейтін ұйқы таймерінің бірнеше опциясы бар. Ұйқы/Автоматты түрде өшіру күйін қосу үшін кідіріс уақытын реттеуге болады және Ұйқы/Автоматты түрде өшіру күйі барысындағы қуатты пайдалану Ояну/Автоматты түрде қосылу опциясының таңдауына байланысты әртүрлі болады.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - [Басқару](#)
 - [General Settings \(Жалпы параметрлер\)](#)
 - [Қуат параметрлері](#)
 - [Ұйқы таймерінің параметрлері](#)
3. **4 жолды басқару тақталары ғана:** [Sleep/Auto Off Timer](#) (Ұйқы/Автоматты түрде өшіру таймері) опциясын, содан кейін [Enabled](#) (Қосылған) опциясын таңдаңыз. [OK](#) түймесін басыңыз.
4. [Sleep /Auto Off After](#) (Ұйқы/Кейін автоматты түрде өшіру) опциясын таңдаңыз.

5. Пернетақтамен тиісті уақыт кезеңін енгізіңіз, содан кейін **Save** (Сақтау) түймесін түртіңіз немесе **OK** түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Ұйқы режимінің әдепкі уақыты 1 минут.

6. **Wake/Auto On to These Events** (Осы оқиғаларға ояну/автоматты түрде қосылу) опцияларының біреуін таңдаңыз:
- **All events** (Барлық оқиғалар): Өнім қандай да бір басып шығару тапсырмасын (USB порты, желі порты немесе сымсыз байланыс арқылы) алғанда немесе қандай да бір пайдаланушы басқару тақтасындағы түймені басқанда немесе қандай да бір есікті немесе науаны ашса, өнім оянады.
 - **Network port** (Желі порты): Өнім желі порты арқылы жіберілген қандай да бір басып шығару тапсырмасын алғанда немесе қандай да бір пайдаланушы басқару тақтасындағы түймені басқанда немесе қандай да бір есікті немесе науаны ашса, өнім оянады. **Бұл параметрмен өнім Ұйқы/Автоматты түрде өшіру күйінде болғанда 1 Ватт немесе одан аз қуатты пайдаланады.**
 - **Power button only** (Қуат түймесі ғана): Қуат түймесін қандай да бір пайдаланушы басқанда ғана өнім оянады. **Бұл параметрмен өнім Ұйқы/Автоматты түрде өшіру күйінде болғанда 1 Ватт немесе одан аз қуатты пайдаланады.**

HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin — желіге қосылған түрлі HP өнімдерін, соның ішінде принтерлерді, көп қызметті өнімдерді, сандық жіберу құралдарын тиімді басқаруға арналған жоғары марапаттарға ие, алдыңғы қатарлы құрал. Осы шешім ғана қашықтан орнату, бақылау, техникалық қызмет көрсету, ақауларды жою және басып шығару мен кескіндеу ортасын қауіпсіз ету мүмкіндіктерін береді. Солай уақытты үнемдеуге, шығындарды басқаруға және салымдарды қорғауға көмектесіп, бизнес өнімділігін арттырады.

Белгілі бір өнім мүмкіндіктерін қолдау мақсатында HP Web Jetadmin жаңартулары жасалып отырады. Жаңартулар туралы қосымша мәліметтер керек болса, www.hp.com/go/webjetadmin торабына кіріп, **Self Help and Documentation** (Өзіндік анықтама мен құжаттама) сілтемесін басыңыз.

Бағдарламалық құрал және ішкі бағдарлама жаңартулары

HP компаниясы өнімнің бағдарламалық құралы үшін қол жетімді мүмкіндіктерді үнемі жаңартып тұрады. Ең соңғы шыққан мүмкіндіктерді пайдалану үшін, өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту керек. Ең жаңа ішкі бағдарлама жаңарту файлын Интернеттен жүктеп алыңыз:

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз. **Drivers & Software** (Драйверлер мен бағдарламалық құралдар) опциясын таңдаңыз.

6 Проблемаларды шешу

- [Тұтынушыларды қолдау](#)
- [Басқару тақтасының анықтамалық жүйесі](#)
- [Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді қалпына келтіру](#)
- [Өнімнің басқару тақтасында «Cartridge is low» \(Картридж деңгейі төмен\) немесе «Cartridge is very low» \(Картридж деңгейі өте төмен\) хабары көрсетіледі](#)
- [Өнім қағазды алмайды немесе қате алады](#)
- [Кептелген қағаздарды шығару](#)
- [Баспа сапасын жақсарту](#)
- [Сымсыз желі мәселелерін шешу](#)

Қосымша ақпарат алу үшін:

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553 торабына өтіңіз.

Өнім бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

Тұтынушыларды қолдау

Еліңізге/аймағыңызға арналған телефон қолдауын алу

Ел/аймақ телефон нөмірлері өніміңіздің қорабында болған флаерде немесе www.hp.com/support/ сайтында бар.

Өнім атауын, серия нөмірін, сатып алынған күнін және проблемалардың сипаттамаларын көріңіз.

24 сағат бойы Интернет арқылы қолдау алу және бағдарламалық құрал утилиталары мен драйверлерін жүктеп алу

www.hp.com/support/colorljM552, www.hp.com/support/colorljM553


Қосымша HP қызмет көрсетуіне немесе қызмет келісімдеріне тапсырыс беру

www.hp.com/go/carepack

Өнімді тіркеу

www.register.hp.com


Басқару тақтасының анықтамалық жүйесі

Құрылғының ішіне әр экранды пайдалану жолын түсіндіретін «Анықтама» жүйесі орнатылған. Анықтама жүйесін ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы анықтама  түймешігін түртіңіз.

Кейбір экрандарда «Анықтама» жүйесі жалпы мәзірден ашылып, белгілі бір тақырыптарды іздеуге мүмкіндік береді. Мәзірдегі түймелерді түртіп, мәзір құрылымының ішінде жылжуға болады.

Кейбір Анықтама экрандарында анимациялық көріністер бар. Бұлар, кептелістерді жою сияқты, процедураларды орындауға көмектеседі.


Жеке тапсырмалар опцияларын қамтитын экрандар үшін «Анықтама» жүйесі сол экрандардың опцияларын түсіндіретін тақырыпты ашады.

Өнім қате немесе ескерту туралы хабар берсе, ақауды түсіндіретін хабарды ашу үшін анықтама  түймешігін түртіңіз. Сондай-ақ, хабарда осы ақауды жою нұсқаулары берілген.


Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді қалпына келтіру


Кіріспе

Өнімнің зауытта орнатылған бастапқы параметрлерін қалпына келтіру үшін төмендегі әдістердің бірін қолданыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Зауыттық параметрлерді қалпына келтірсеңіз, өнімнің тілі бастапқы қалпына келуі мүмкін.


Зауыттық параметрлерді өнімнің басқару тақтасынан қалпына келтіру


1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - [Administration \(Басқару\)](#)
 - [General Settings \(Жалпы параметрлер\)](#)
 - [Restore Factory Settings \(Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру\)](#)
3. Растау хабары қайта қосу қызметін аяқтау деректердің жоғалуына әкелуі мүмкіндігін ескертеді. Процесті аяқтау үшін, [Reset \(Бастапқы қалпына келтіру\)](#) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қайта қосу әрекеті аяқталғаннан кейін өнімді автоматты түрде қайта бастаңыз.

Зауыттық параметрлерді HP ендірілген веб-серверінен қалпына келтіру (тек желіге қосылған өнімдер)

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. **4 жолды басқару тақталары:** IP мекенжайын көру үшін, басқару тақтасының дисплейін қараңыз.
Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару тақтасындағы негізгі экранда желі  түймесін түртіңіз.
 - ә. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл өнімнің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы [Enter](#) пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдалса, HP өнімі үшін EWS қызметінде аралау барысында компьютерге зиян тимейді.

2. **General (Жалпы)** қойындысын ашыңыз.

3. Экранның сол жақ бөлігіндегі **Restore Factory Settings** (Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру) түймесін басыңыз.
4. **Reset** (Бастапқы қалпына келтіру) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Қайта қосу әрекеті аяқталғаннан кейін өнімді автоматты түрде қайта бастаңыз.

Өнімнің басқару тақтасында «Cartridge is low» (Картридж деңгейі төмен) немесе «Cartridge is very low» (Картридж деңгейі өте төмен) хабары көрсетіледі


Cartridge is low (Картридж деңгейі төмен): өнім тонер картриджінің деңгейі төмен екенін көрсетеді. Тонер картриджінің қалған нақты жұмыс мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, орнына салынатын баспа картриджін дайындап қойыңыз. Тонер картриджін әзірше ауыстыру қажет емес.

Cartridge is very low (Картридж деңгейі өте төмен): өнім тонер картриджінің деңгейі өте төмен екенін көрсетеді. Тонер картриджінің қалған нақты жұмыс мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, орнына салынатын баспа картриджін дайындап қойыңыз. Басып шығару сапасы жарамды деңгейде болса, тонер картриджін әзірше ауыстырудың қажеті жоқ.

HP тонер картриджі **өте төмен** деңгейге жеткенде, HP компаниясының тонер картрижіне арналған басты қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады.

«Very Low» (Өте төмен) параметрлерін өзгерту

Жабдықтар Very Low (Өте төмен) деңгейге жеткенде өнім орындайтын әрекеттерді өзгертуге болады. Осы параметрлерді жаңа тонер картриджін орнатқанда қайта орнатудың қажеті жоқ.

1. Өнімнің басқару тақтасындағы Басты  түймесін басыңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - [Жабдықтар](#)
 - [Жабдықтарды басқару](#)
 - [Жабдық параметрлері](#)
 - [Black Cartridge](#) (Қара картридж) немесе [Color Cartridges](#) (Түсті картридждер)
 - [Өте төмен параметрлер](#)
3. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:
 - Картридж **Very Low** (Өте төмен) мәніне жеткенде өнім басып шығаруды тоқтататын етіп орнату үшін [Stop](#) (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.
 - Картридж **Very Low** (Өте төмен) мәніне жеткенде өнім басып шығаруды тоқтататын етіп орнату үшін [Prompt to continue](#) (Жалғастыру үшін сұрау) опциясын таңдаңыз. Басып шығаруды жалғастыру үшін сұрауды растауға немесе картриджді ауыстыруға болады.
 - Өнімді картридж деңгейі өте төмен екені туралы ескертіп, **Very Low** (Өте төмен) параметрінен асқанда араласусыз басып шығаруды жалғастыратын етіп орнату үшін [Continue](#) (Жалғастыру) опциясын таңдаңыз. Бұл баспа сапасының нашар болуына алып келуі мүмкін.

Факс мүмкіндігі бар өнімдер үшін

Өнім [Stop](#) (Тоқтату) немесе [Prompt to continue](#) (Жалғастыру үшін сұрау) опциясына орнатылғанда, өнім басып шығаруды жалғастырғанда факстар басып шығарылмауының біраз қаупі бар. Бұл өнім күтіп тұрғанда, өнім жад сыйдыра алатыннан көбірек факс алғанда орын алады.

Тонер картриджі үшін [Continue](#) (Жалғастыру) опциясын таңдасаңыз, өнім Very Low (Өте төмен) шегінен асқанда, факстарды үзіліссіз басып шығара алады, бірақ басып шығару сапасы нашарлауы мүмкін.

Жабдықтарына тапсырыс беру

Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру	www.hp.com/go/suresupply
Қызмет көрсету орталығы немесе қолдау көрсетуші провайдерлер арқылы тапсырыс беру	HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсетуші провайдермен хабарласыңыз.
HP енгізілген веб-сервері (EWS) арқылы тапсырыс беру	Кіру үшін компьютерде қолдау көрсетілетін веб-шолғыштағы мекенжай/URL жолына өнімнің IP мекенжайын немесе хост атын енгізіңіз. EWS құрамында HP SureSupply веб-сайтына сілтеме бар. Онда түпнұсқа HP жабдықтарын сатып алу опциялары берілген.

Өнім қағазды алмайды немесе қате алады

Кіріспе

Егер өнім қағазды науадан алмаса немесе қағаздың бірнеше парағын бір уақытта алса, төмендегі шешімдер проблемаларды шешуге көмектесуі мүмкін.

- [Өнім қағазды тартып алмайды](#)
- [Өнім бірнеше қағаз парақтарын тартып алады](#)

Өнім қағазды тартып алмайды

Егер өнім науадан қағазды тартып алмаса, осы шешімдерді орындаңыз.

1. Өнімді ашып, кептелген парақтарды шығарып алыңыз.
2. Тапсырма үшін науаға дұрыс қағаз өлшемін салыңыз.
3. Құралдың басқару тақтасында қағаз өлшемі мен түрінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
4. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттауыштарды науадағы тиісті ойықтарына келтіріңіз.
5. Қағазды қолмен беру сұрауын растау үшін өнімнің күтіп тұрғанын қарау мақсатында, өнімнің басқару панелін тексеріңіз. Қағаз салып, жалғастырыңыз.
6. Науаның жоғарғы жағындағы шығыршықтарда дақтар бар. Жылы сумен дымқылданған түксіз матамен тазартыңыз.

Өнім бірнеше қағаз парақтарын тартып алады

